

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ ҮЗДІКТЕРДІ МАРАПАТТАДЫ



«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ 2025 ЖЫЛЫ ПАРТИЯ БАСТАМАСЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСҚАН МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР МЕН ҮЗДІК ЕҢБЕККЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІН ЕЛЕП, МАРАПАТТАДЫ.

Шарада өңірдің әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен ұйымдарға ерекше көңіл бөлді. Биыл партия бірнеше ірі бастамаларды іске асырды. Олардың ішінде ауыл шаруашылығын насихаттауға бағытталған «Аграрлы Қазақстан» тележобасы. Бұл жоба аясында аймағымыздың 5 ауданында түсірілім жасалып, үлкен жұмыстар атқарылды. Жобаның жоғары деңгейде өтуіне ат салысқан үздік медиа мамандары марапатталды. Президент Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланған еді. Осы орайда «Ауыл» партиясы бұл бастаманы қолдау мақсатында «Еңбек Адамы» жобасын енгізді. Бұл өндіріс энергетика және ауыл шаруашылығындағы еңбеккерлердің үлесін дәріптеуге арналған ерекше жоба болды.

Бұдан бөлек «Ауыл ойындары» және «Ауыл нақыштары» жобалары да өз қолдаушылары мен жеңімпаздарын анықтады. Үздіктер қатарында Жаңаөзен колледжі мен өнер қайраткерлері. Аталмыш жобалар мәдениет пен спортты қолдауға арналған.

Сонымен қатар «Кітап – руханият өзегі» жобасы аясында білім мен руханият саласының өкілдері құрметке ие болды. Адам өмірін аман алып қалуға арналған партияның ерекше жобаларының бірі – «Мен Донормын». Мейірімділік пен басқа жанға жанашыр болуды дәріптеп, донорлықты ілгерілетіп жүрген қан орталығының мамандары марапатталды.

Ал студенттік «Жастар жасағы» мен «Агрохакатон» жобалары жастардың кәсіби дамуына серпін берді. Жоба аясында жас инноваторлар мен колледж басшылығының үлесі атап өтілді.

Сонымен қатар партия ардагерлері, қоғамдық ұйым төрағалары, мәдениет, ветеринария, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және білім беру саласының белсенді мамандары да арнайы марапатталды.

«Ауыл» партиясы Маңғыстау облысы бойынша өңірлік филиалы.

Жасанды интеллект МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологияларды қолдану – оқыту сапасын арттырудың негізгі тетіктерінің бірі. Соңғы жылдары жасанды интеллект білім беру саласына белсенді еніп, оқыту үдерісін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Ағылшын тілі сабағында жасанды интеллект құралдарын қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тілдік дағдыларын тиімді дамытуға ықпал етеді. Осы мақалада автордың ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллектті қолдану тәжірибесімен оның нәтижелері баяндалады.

Өзімнің педагогикалық практикама соңғы уақытта ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллектіге негізделген платформалар мен қосымшаларды жүйелі түрде қолдана бастадым. Сабақ мақсатына сәйкес бұл құралдар тыңдалым, айтылым, грамматика және сөздік қорды дамытуда пайдаланылды.

Тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуда жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттырды.

Сабақ барысында оқушылар виртуалды ассистенттермен диалог құрып, өз ойларын ағылшын тілінде еркін жеткізуге тырысты. Жасанды интеллект жүйесі оқушылардың айтылымындағы қателерді бірден көрсетіп, дұрыс нұсқасын ұсынды. Нәтижесінде оқушылардың дыбыстау дағдысы жақсарып, сөйлеуге деген сенімділігі артты.

Грамматиканы меңгерту барысында жасанды интеллектіге негізделген тексеру құралдарын пайдаландым. Оқушылар жазбаша тапсырмаларды орындау кезінде өз қателерін өздері анықтап, түзетуге мүмкіндік алды. Бұл әдіс оқушылардың өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырып, грамматикалық сауаттылығын арттырды.

Сөздік қорды дамытуда жасанды интеллект оқушылардың деңгейіне сәйкес жаңа сөздерді ұсынуға көмектесті. Жекелендірілген тапсырмалар арқылы әр оқушы өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс істеп, жаңа сөздерді есте сақтауда жоғары нәтиже көрсетті.

Жасанды интеллектті сабақта қолдану нәтижесінде келесі оң өзгерістер байқалды:

- оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығы артты;

- сөйлеу және тыңдау дағдылары едәуір жақсарды;
- сабақтағы белсенділік деңгейі жоғарылады;
- оқушылардың өздігінен білім алу қабілеті қалыптасты;
- мұғалім ретінде менің уақытым тиімді пайдаланылды.

Практикалық тәжірибе көрсеткендей, жасанды интеллект оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге және оқу үдерісін жекелендіруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім сапасының артуына оң әсерін тигізді.

Іс-тәжірибемде жасанды интеллект құралдарын қолдану мұғалім жұмысының тиімділігін арттырды. Тапсырмаларды тексеру, оқушылардың жетістігін талдау сияқты жұмыстар автоматтандырылып, әдістемелік ізденіске және шығармашылық тапсырмалар әзірлеуге көбірек уақыт бөлінді. Сонымен қатар сабақ құрылымы жаңарып, оқыту үдерісі заманауи сипат алды.

Жасанды интеллект – мұғалімді алмастырмайды, керісінше оның кәсіби қызметін толықтырып, оқыту сапасын арттыратын маңызды құрал. Сондықтан жасанды интеллект технологияларын сабақта орынды және мақсатты қолдану – қазіргі ағылшын тілі мұғалімінің басты міндеттерінің бірі.

Гүлнұр ЕЛУБАЕВА,
№13 мектеп-гимназияның
ағылшын тілі пәні мұғалімі,
Мұнайлы ауданы.

«Маңғыстау — достық мекені» фестивалі

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ӨТКЕН «МАҢҒЫСТАУ — ДОСТЫҚ МЕКЕНІ» АТТЫ ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ТАБЫСТЫ АЯҚТАЛДЫ. ЕКІ КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН МӘДЕНИ КЕРУЕН ЖЕТІ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДІ ҚАМТЫП, Өңір халқының рухани-мәдени өмірін жандандыра түсті.

Фестивальдың мақсаты – этномәдени бірлестіктердің шығармашылығын насихаттау арқылы татулық, бірлік және этносаралық келісім құндылықтарын

ілгерілету. Шара барысында түрлі этностардың өкілдері өз халқының биі мен әнін, ұлттық дәстүрін, мәдени мұрасын көрермен назарына ұсынды.

1 желтоқсанда Төлеп, Сайөтес және Баянды ауылдарында концерттер өтті. 2 желтоқсанда Теңге, Жетібай, Басқұдық және Ақшұқыр ауылдарында жалғасты. Әр елді мекен тұрғындары фестивалды ерекше ықыласпен қарсы алып, бірлік пен достық рухын сезінді.

Жоба Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Parasat Aktau» қоғамдық бірлестігімен жүзеге асты.

Өз тілшіміз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жоба бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды:

Жобаның атауы: қоршаған ортаны қорғау бөлімдері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас кен орнының объектілерінде орналасқан ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс жобаларына.

Объектілердің атауы:

- «ҚМГ» ӨБ КМД ж.АЦ Қаламқас кен орнындағы мұнайды есепке алудың коммерциялық торабы (ҚУУН);
- «Қаламқас к/о тығыздаушы ұңғымаларды жайластыру XXIII кезегі» жобаларына қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°20'28" с. ш. 51°54'08" в. д.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу аумағы, күні, уақыты және орны: 2026 жылғы, 29 қантарда сағат 15.00-де Маңғыстау ауданы Шетпе кентінің мәдениет үйінде.

Microsoft Teams онлайн платформасында өтеді: https://teams.microsoft.com/d/launcher/launcher.html?url=%2F_%23%2F1%2Fmeetup-join%2F19%3Ameeting_ZWNIYzFIYmlNTAyZi00ZDE1LWE5MGQtMDgxZmQzNGYwYTlx%40thread.v2%2F0%3FContext%3D%257b%2522Tid%2522%253a%2522e4778351-b6a4-4b2f-96ed-267c152630db%2522%252c%2522Oid%2522%253a%2522d78b762-f129-45ab-9feb-91e6285f3c2b%2522%257d%26CT%3D1766052200489%26OR%3DOutlook-Body%26CID%3DFC92718F-E56E-438C-B613-4989EE20BEC5%26anon%3Dtrue&type=meetup-join&deeplinkId=c7c981a0-1b78-4d78-8277-5585eef494c5&directDI=true&msLaunch=true&enableMobilePage=true&suppressPrompt=true

Конференция идентификаторы: 417 974 261 090 27.

Кіру коды: cB2oj3bh.

Тұтынушы: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ күрделі құрылыс департаменті; АҚ Күрделі құрылыс департаменті, БСН: 990140000483, Ақтау Қ., 6-ш/а, 1-ғимарат, тел.: 8 77292/212-226.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы https://www.gov.kz/memleket/entities/man_gystau-eco?lang=ru.

Жобаның әзірлеушісі: ЖШС «КМГ Инжиниринг» «Казнипмұнайгаз» филиалы, ЖШС «Construction NS».

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста.

Материалдарды сұрауға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: a.zhaparova@mmg.kz, тел: 212-226.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекен-жайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

Т.К. Аманчаева атына 17.03.1999 ж. берілген
№12 сату-сатып алу келісім шарты жоғалуына
байланысты жарамсыз деп танылсын.

Алкогольді және алкогольсіз өнімдерге қойылатын талаптар

АЛКОГОЛЬДІ ЖӘНЕ АЛКОГОЛЬСІЗ ӨНІМДЕР ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТІКелей ӘСЕР ЕТЕТІНДІКТЕН, ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ ТІІС. БҰЛ ТАЛАПТАР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНА, ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕРГЕ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРҒА СӘЙКЕС БЕЛГІЛЕНГЕН.

Алкогольді өнімдер тек рұқсат етілген шикізаттан өндіріліп, белгіленген технологиялық талаптарға сай дайындалуы қажет. Өнім құрамында метил спиртінің, альдегидтердің, сивуш майларының, ауыр металдардың және басқа да улы заттардың мөлшері рұқсат етілген шекті деңгейден аспауы тиіс. Алкоголь өнімдері бөтен иіссіз, лайлануы, тұнбасыз болуы керек. Өндіріс, сақтау және тасымалдау барысында температуралық режим мен санитарлық жағдайлар сақталуы міндетті.

Алкогольді өнімдердің қаптамасы герметикалық, тұтынушының денсаулығына қауіпсіз материалдан жасалуы қажет. Заттабасында өнімнің атауы, өндірушінің атауы мен мекенжайы, алкогольдің көлемдік үлесі (пайызбен), өнім көлемі, өндірілген күні мен жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары, сондай-ақ «Алкогольді шектен тыс тұтыну денсаулыққа зиян» деген ескерту жазбасы міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Алкогольді ішімдіктерді көмелетке толмағандарға сатуға қатаң тыйым салынады.

Алкогольсіз өнімдерге де нақты талаптар қойылады. Алкогольсіз сусындар, шырындар, газдалған және энергетикалық сусындар қауіпсіз ауыз судан және сапалы шикізаттан дайындалуы тиіс. Өнімдердің микробиологиялық көрсеткіштері санитарлық нормаларға сәйкес болуы қажет, яғни ауру тудыратын микроорганизмдердің болуына жол берілмейді. Қанттың, таттілендіргіштердің, бояғыштардың, консерванттар мен хош иістендіргіштердің мөлшері белгіленген шекті нормадан аспауы тиіс.

Алкогольсіз өнімдердің қаптамасында өнімнің толық құрамы, тағамдық және энергетикалық құндылығы, өндірілген күні, жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары және тұтынуға қатысты шектеулер нақты әрі түсінікті түрде көрсетілуі қажет. Жарамдылық мерзімі өткен, қаптамасы бүлінген немесе сақтау талаптары бұзылған өнімдерді сатуға жол берілмейді.

Алкогольді және алкогольсіз өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігіне мемлекеттік бақылауды санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары жүзеге асырады. Талаптарға сәйкес келмейтін өнімдер анықталған жағдайда сауда айналымынан алынып, кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Осы талаптарды сақтау сапалы және қауіпсіз өнімдермен халықты қамтамасыз етуге, жұқпалы емес аурулардың алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Тұтынушылар да өнімді таңдау кезінде оның заттабасына, жарамдылық мерзіміне және сақтау жағдайына ерекше көңіл бөлуі қажет.

Арай ҰМБЕТАЛИНА,

Маңғыстау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің басшысы.

ТЕЛЕФОН:
Бұл бос орын сіздің
20-48-42
ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған